

Шекаралық аймаққа келуге және онда тұруға Рұқсаттама мен рұқсат беру тәртібі туралы Нұсқауды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1994 жылғы 19 қыркүйектегі N 92 БҰЙРЫҒЫ. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 4 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 97. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 281 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 24.04.2013 № 281 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шекаралық аймаққа келуге және онда болуға рұқсаттама мен рұқсат беру тәртібі туралы қоса беріліп отырған Нұсқау бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана, Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің б а с т ы қ т а р ы :

а) шекаралық аймаққа келуге рұқсаттама мен рұқсат беруге және онда келу, болу, тіркелу ережелерін сақтауға бақылау жасауда қатысы бар ішкі істер органдары қызметкерлерінің нұсқауды оқып білуін;

ә) меншік нысанына қарамастан мекемелердің, ұйымдардың мүдделі адамдарымен құжаттарды ресімдеу және рұқсаттама мен рұқсат алу тәртібі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 438 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. КСРО ІІМ-нің 13 қазан 1983 жылғы N 0285 Бұйрығының күші жойылды деп саналсын.

Министрдің бірінші орынбасары
милиция генерал-майоры

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік Комитетімен

2 көкек 1994 жылы келісілді

**Шекаралық аймаққа келуге және онда болуға
рұқсаттама мен рұқсат беру тәртібі туралы
Нұсқау**

Ескерту: Барлық мәтін бойынша:
"Министрлер Кабинеті", "Министрлер Кабинетінің" деген сөздер "Үкіметі", "Үкіметінің" деген сөздермен ауыстырылды;
"ІБ" деген аббревиатура "ІД" деген аббревиатурамен ауыстырылды - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 438 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

I. Жалпы ережелер

1. 1993 жылғы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қабылдаған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында тиісті тәртіп орнатуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі шекаралық аймақ пен шекаралық белдеуді белгілейді.

2. Аумағында шекаралық аймақ белгіленетін әкімшілік-аумақтық бірліктер: аудандардың, қалалардың, ауылдардың, селолардың, темір жол станцияларының, әуежайлардың және өзен кемелері аймақтарының тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітіледі.

3. Рұқсаттамасыз жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша шекаралық аймаққа келуге құқылы лауазымды адамдардың тізбесін Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және ведомстволарымен бірлесіп Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілейді.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе оның тапсырмасымен шекаралық облыстардың әкімдері жергілікті жағдайларды ескере отырып, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы" туралы Қазақстан Республикасы Заңына Республиканың басқа заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісімі бойынша шекаралық аймақтағы шекара режимі туралы қаулылар мен шешімдер шығарады.

5. Азаматтардың шекаралық аймаққа келуіне осы Нұсқаудың 3 тармағында көзделген тәртіпте белгіленген тізбеде көрсетілген адамдардан басқа ішкі істер органдары беретін рұқсаттанамалар (N 1 қосымша) бойынша рұқсат етіледі.

Қызмет бабындағы іссапарға, ауруханаларға, санаторийлерге, демалыс үйлеріне, пансионаттарға басқа емдік сауықтыру мекемелеріне бара жатқан Қазақстан Республикасы мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің азаматтары шекаралық аймаққа іссапар куәліктері, жолдамалары бойынша жеке басын куәландыратын құжаттары болған жағдайда келе алады.

Оқуға кеткенге дейін шекаралық аймақтағы және шекаралық белдеудегі елді

мекеннің тұрғыны болған жоғары, орта арнаулы және басқа оқу орындарының оқушылары мен студенттері осы мекендерге өздерінің оқу орындарында оқитындығын куәландыратын құжаттары бойынша, шекаралық аймақтағы және шекаралық белдеудегі елді мекендерден оқуға кеткендігін растайтын жергілікті атқару органдарының анықтамалары бойынша келеді.

Шекаралық аймақта тұрақты тұратын азаматтар Қазақстан Республикасының шекаралық облыстары аумағында бүкіл шекаралық аймақ шеңберінде ішкі істер органдарының рұқсатынсыз және рұқсаттамасыз жүре алады. Шекаралық аймақта тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәліктеріне ішкі істер органдарының мөртаңбасы соғылады.

Рұқсаттама бланкілері бірыңғай үлгіде және Қазақстан Республикасы ІІМ-нің тапсырысы бойынша жасалады.

Ескерту. Мемлекеттік шекара мен шекара әскерлерінің инженерлік бөгет желісі аралығындағы шекаралық белдеуге онда тұрмайтын Қазақстан Республикасы азаматтары тек өндірістік және қызмет бабында қажет болған жағдайда ғана жіберіледі.

Бұл азаматтарды жіберу және онда уақытша болу тәртібін, сондай-ақ аталған жерде ауыл шаруашылық жұмыстары мен басқа жұмыстарды жүргізу тәртібін жергілікті атқару органдарымен келісім бойынша шекара әскерлері белгілейді.

Шекаралық аймаққа мемлекеттік шекарадан өткізу пунктіне автокөлікпен бара жатқан ТМД елдерінің азаматтарында екі жақты келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі дайындаған жекелеген автокөлікпен және бірнеше көлік құралдарымен жүктерді өткізуге алып жүруге және халықаралық тасымалдауға арналған рұқсаты болуы тиіс.

Шекаралық белдеуде және шекара әскерлерінің инженерлік ғимараттарының арғы жағындағы жердің белдеуінде орналасқан елді мекендерге өткізу тәртібі шекаралық аймаққа өткізу тәртібі сияқты жүргізіледі.

6. Басқа ТМД мемлекеттерінің тұрғындары шекаралық аймаққа, егер халықаралық шарттармен және келісімдермен басқадай көзделмесе, жеке арызы және сол арыздың негізділігін айғақтайтын басқа құжаттар негізінде тұрақты мекені бойынша тиісті ішкі істер органы беретін рұқсаттама бойынша келеді.

II. Шекаралық аймаққа келуге рұқсаттама және рұқсат беру

7. Қазақстан Республикасы азаматтарына шекаралық аймаққа келу және онда болуға құқық беретін рұқсаттаманы жеке арызы немесе тиісті өтініші негізінде және осы арыздар мен өтініштерді қуаттайтын құжаттар бойынша тұрақты мекеніндегі Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары береді.

Алматы қаласы мен облыс орталықтарында тұратын азаматтарға рұқсаттаманы ІІМ, ІІД паспорт және виза жұмыстары бөлімі бере алады.

Уақытша бөлу орындары бойынша азаматтарға рұқсаттама қалыптасқан жағдайға қарай ерекшелік ретінде (ауру, туысқанының қайтыс болуы т.с.с.), сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматы болып табылатын және тіркелген аймағынан тыс жерге кемемен босатылған теңізшілерге берілуі мүмкін.

8. Шекаралық аймаққа тұрақты тұруға, жұмысқа шақырылған, соның ішінде ұйымдасқан түрде, оқуға келе жатқан азаматтарға рұқсаттама беріледі.

Сонымен бірге, қызмет бабымен немесе жеке шаралары бойынша шекаралық аймаққа келетін азаматтарға рұқсаттама беріледі.

9. Рұқсаттама, әдетте, бір адамға беріледі. Ата-аналарымен немесе оларды ертіп жүрген адамдармен шекаралық аймаққа келетін 16 жасқа дейінгі балалар туралы мәліметтер, сол адамдардың рұқсаттамасына жазылады.

Шекаралық аймақтың тұрғыны болып табылатын, бірақ одан уақытша шыққан балалар ата-аналарынсыз (қамқоршысыз) келе жатқан болса бұл аймаққа тууы туралы куәліктері бойынша, ал онысы болмаған жағдайда өздерінің шекаралық аймақта тұрақты тұратынын дәлелдейтін жергілікті атқару органдарының анықтамасы бойынша келеді.

10. Ауыл шаруашылық жұмыстарын, маусымдық теңіз және өзен кәсіпшілігі жұмыстарын жүргізуге колхоздарға (совхоздарға) көмек көрсету үшін, жайылымға мал айдау, құрылыс, іздестіру және басқа жұмыстар жүргізу үшін азаматтар тобы, сондай-ақ туристер тобын, әртістер бригадасы және шекаралық аймаққа тұрмайтын басқа азаматтар ұжымы шекаралық аймаққа келген жағдайда , рұқсаттама топтардың жетекшілеріне берілу мүмкін, онда олардың жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша және аттанған жерінде мүдделі кәсіпорындар мекемелер, ұжымдардың (колхозды қоса есептегенде) елтаңбалық мөрімен бекітілген және лауазымды адамдардың қолымен расталған жетекшіде болатын ұжымның тізімі бойынша онымен бірге ерген адамдардың саны көрсетіледі.

11. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (соның ішінде Республикалық Ұланның, темір жол, құрылыс және басқа арнаулы құрамалар мен бөлімдер) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдары мен әскерлерінің, Қазақстан Республикасы ішкі әскерлерінің әскери қызметшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Прокуратурасы мен сот органдарының прокурорлық тергеу қызметкерлері, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдар шекаралық аймаққа олардың жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша және қызметтік жарлық, өту куәлігі, іссапар және демалыс құжаттары бойынша өтеді. Отбасымен бірге шекаралық аймаққа баратын аталған адамдардың отбасы мүшелері

солардың қызмет ұйғарымына немесе демалыс билетіне жазылады, аталған адамдарға өз бетінше келе жатқандар, отбасы қызмет ететін орнымен берілген а н ы қ т а м а ж і б е р і л е д і .

Осы тармақтың ережесі ТМД-ға Қатысушы-мемлекеттердің қауіпсіздік және ішкі істер әскерлерінің, органдарының әскери қызметшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне де таратылады.

12. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінен (соның ішінде Республикалық Ұланнан, темір жол, құрылыс және басқа арнаулы құрамалар мен бөлімдерден), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігін әскерлері мен органдарынан бастайтын әскери қызметкерлер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы прокуратура және сот органдарының прокурорлық-тергеуші қызметкерлері, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарынан босатылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, егер олар осы жерлерден шақырылған болса, немесе мұнда жақын туысқандары болса шекаралық аймаққа қызметтік жарлық бойынша немесе өткізу куәлігі бойынша кіреді, ал мерзімді әскери қызметке шақырылған адамдар шекаралық аймаққа тиісті әскери комиссариаттардың олар бара жатқан мекен көрсетілген атаулы тізімі бойынша және жарлығы бойынша енеді.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің, қауіпсіздік органдарының әскерлерінен және қарулы күштерінен босатылған әскери қызметшілер, егер олар осы жерлерден шақырылған болса немесе жақын туысқандары бар болса, шекаралық аймаққа қызметтік жарлықтар немесе өткізу куәліктері бойынша енеді.

13. Жергілікті және халықаралық тасымалдаумен айналысатын, немесе темір жолдар мен тас жолдарды, тиісті көлік құралдарын, сондай-ақ мұнай құбырларын, байланыс және электр тоғын беру желілерін жөндейтін және пайдаланатын кәсіпорындардың, ұйымдардың тұрақты қызметкерлері қызмет бабымен қажет болған жағдайларда шекаралық аймаққа (осы қызметкерлер үшін белгіленген еңбек міндеттері мен рейстердің, маршруттардың жұмысына қатысушылар шегінде) өздерінің қызмет куәліктері бойынша келеді.

14. Қазақстан Республикасының халық депутаттары, шекаралық аймақтың аумағы өздеріне қарайтын облысының атқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары халық депутаттарының куәлігімен немесе қызмет куәліктерімен жіберіледі.

15. Шекаралық аймақта орналасқан балалар, мектептің сауықтыру мекемелеріне келе жатқан балалар бұл аймаққа ұйымдасқан түрде, рұқсаттамасы немесе іссапар құжаты бар адамдардың басшылығымен рұқсаттамасыз жіберіледі . Аталған балалар мекемелеріндегі балалардың ата-аналары балаларына келу

мақсатымен шекаралық аймаққа жеке басын куәландыратын құжаттары және балалар мекемелеріне жолдама берген кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың анықтамалары бойынша жіберіледі.

16. Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен жеңілдіктері бойынша соларға теңестірілген адамдар қатарындағы мүгедектер шекаралық аймаққа өздерінің жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша және Ұлы Отан соғысына қатысушының куәлігі бойынша (жеңілдіктерге құқы туралы және мүгедектігі туралы құжаттар) жіберіледі.

Туысқандарының қайтыс болуына (ауыру) байланысты шекаралық аймаққа бара жатқан азаматтар бұл аймаққа жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша және емдеу мекемелері растаған тиісті жеделхаттар (анықтамалар) бойынша, ал туысқандарын жерлерге бара жатқанда - жергілікті атқарушы органдардың анықтамалары бойынша жіберіледі.

17. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың шекаралық аймаққа, соның ішінде шекаралық аймақтағы еркін экономикалық аймаққа келуі және онда болуы Қазақстан Республикасы Заңдарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Барлық жағдайда олардың шекаралық аймаққа келуіне және онда болуына рұқсатты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша ішкі істер органдары береді.

Шекаралық аймақта тұратын туысқандары мен таныстарына бара жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары, соның ішінде шетелде тұрақты тұратындары, олардың отбасы мүшелері бұл аймаққа өздерінің жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша және жергілікті атқарушы органдар растаған, туысқандары мен таныстарының шақырулары немесе жеделхаттары бойынша келеді.

Қызмет бабымен, қоғамдық, жеке істер бойынша, емделу және демалу үшін, немесе турист ретінде шетелде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасына келген кезде шекаралық аймақта орналасқан өзінің тұрақты тұратын жеріне Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасына қайтып оралған туралы куәліктері бойынша келеді.

18. Шекаралық аймаққа келуші адамдар тиісті мекеніне келгеннен кейін үш күндік мерзімде ішкі істер органына немесе жергілікті өкімет органдарында тіркелуге міндетті.

19. Әкімшілік орталықтар, мектептер, ауруханалар, басқа мекемелер, кәсіпорындар (бірлескен, шағын) мен ұйымдар, колхоздар (фермерлік, жалгерлік, шаруа қожалықтары), еркін экономикалық аймақтың шаруашылық құрылымдары (қалалар) шекаралық аймақ шегінде, орналасқан жағдайда, ал олар қызмет көрсететін азаматтардың бір бөлігі шекаралық аймақтан тыс жерде тұрса бұл

азаматтарға өздерінің жеке басын және осы жерде тұратындығын куәландыратын құжаттары бойынша шекаралық аймаққа келуге рұқсат етіледі.

Тиісті мекендердің тізбесін, шекара әскерлерімен келісім бойынша шекаралық облыстардың өкімет және басқару органдары белгілейді және жергілікті халыққа хабарланады.

20. Шекаралық аймаққа келуге арналған рұқсаттама мен рұқсат, әдетте, белгілі бір елді мекенге беріледі. Тиісті өтініш хат болған жағдайда олар шекаралық аймақтың бірнеше елді мекендеріне, ал ерекше жағдайларда (электр монтаждау, темір жол, құрылыс ұйымдарының қызметкерлеріне және басқаларға) бірнеше аудандардың немесе облыстардың аумақтарына бару үшін берілу мүмкін.

21. Кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың қызмет бабымен шекаралық аймаққа жиі шығатын қызметкерлеріне рұқсаттама бір жылға дейінгі мерзімге берілуі мүмкін. Шекаралық аймаққа тұрақты тұруға келген азаматтарға рұқсаттама тұратын жеріне келуі үшін қажетті мерзімге, ал уақытша тұруға келушілерге болатын уақытша бірақ 6 айдан аспайтын мерзімге беріледі.

Туысқандарына бару үшін, қоғамдық мәселелер бойынша шекаралық аймаққа жиі келетін азаматтарға рұқсаттама бір жылға дейінгі мерзімге беріле алады.

22. Еңбекпен түзеу мекемелерінен босатылған адамдарға шекаралық аймаққа келуге рұқсаттаманы осы мекемелер орналасқан жердегі ішкі істер органдары б е р е д і .

Бұл жағдайларда еңбекпен түзеу мекемелерінің әкімшілігі босатылуға немесе есептен шығаруға бес күн қалғанда осындай адамдардың рұқсаттама беру туралы өтініші ішкі істер органдарына тапсырады, сотталғаны туралы (қашан, қай жерде , қандай Қылмыстық Кодекстің бабымен сотталғаны, жазадан неге байланысты босатылғаны (шекаралық аймақта сотталғанға дейін тұрған-тұрмағанын, онда олардың отбасы, туысқандары тұратыны туралы, сонымен бірге рұқсаттама беру мүмкіндігі туралы пікірі мен мәліметтерді хабарлайды.

Ұсынылған құжаттар негізінде ішкі істер органдары рұқсаттама беру туралы мәселені шешеді.

23. Егер шекаралық аймаққа баруға шыққан азаматтар жолда аялдап, олардың рұқсаттамаларының мерзімі бітіп қалған жағдайда осындай адамдардың өтініш жасаған ішкі істер органы тапсырылған құжаттарды тексерген соң рұқсаттаманың қолданылу мерзімін ұзартуға құқылы. Бұл туралы рұқсаттаманың екінші бетіне жазу жазылып, елтаңбалық мөр қойылады.

24. Азаматтар жоғалтып алған рұқсаттамалардың орнына оларды тиісті ішкі істер органының бергені қуатталғаннан кейін жаңасы берілуі мүмкін.

25. Шекаралық аймақта орналасқан елді мекендерде азаматтарды тіркегенде (тіркеу) жеке куәліктеріндегі тұратын мекен-жайы көрсетілген бағанаға қосымша

Шекаралық аймақтан тыс жерге уақытша шыққанда жеке куәлігін жоғалтқан шекаралық аймақтың тұрғындарына олар өтініш жасаған ішкі істер органдары Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережені қолдану нысаны бойынша анықтама береді, ал шекаралық аймақта тұратындығын растаған жағдайда оған аймаққа келуге рұқсат беретін белгі соғылады.

III. Шекаралық аймаққа келуге рұқсаттама мен рұқсатты ресімдеу тәртібі

26. Шекаралық аймаққа келуге рұқсат алу үшін азаматтар шығардан кем дегенде 10 күн бұрын тұратын жеріндегі ішкі істер органдарына жазбаша арыз (N 2 қосымша) немесе келу мақсатын растайтын өтінім хат пен құжаттар ұсынады .

Мұндай құжаттарға мыналар жатады: жергілікті атқару органдарының немесе тұрғын үй ұйымының туысқандары тұратындығы туралы, кәсіпорын, мекеме, ұйымдар әкімшілігі атынан жұмысқа шақыру туралы, оқуға шақыру, әскери бөлім бастығының анықтамасы және басқа құжаттар.

27. Шекаралық аймаққа жұмысқа жіберілген азаматтарға рұқсаттама беру үшін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың басшылары шығудан 10 күн бұрын азаматтардың тұратын жеріндегі ішкі істер органдарына жазбаша өтінім хат тапсырады. Онда аттанушылардың аты-жөні, туған жылы және тұратын мекен-жайы паспорттарының сериясының нөмірі (жеке куәлігі), қайда және қашан берілгені және бару көзделген елді мекеннің (ауданның, облыстың) аты, шығу мерзімі көрсетіледі.

Егер азаматтар тобы шекаралық белдеуде жұмыс істеуге жіберілсе олардың тізімі жүрерден 30 күн бұрын 5 данада жіберіледі. Бұл тізімде көрсетілген адамдар ұлттық қауіпсіздік органдары аумақтық бөлімшелерінің есебі бойынша тексеріледі. Тізімнің бірінші данасын рұқсаттамаларға қол қою құқы бар адам растайды, паспорт және виза жұмыстары аппараты үшін көзделінген елтаңбалы мөрмен бекітіліп топ жетекшісіне табыс етіледі, екінші данасы ішкі істер органында қалады. Біреуінде тексерудің нәтижелері көрсетілген тізімдердің қалған үшеуі Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жергілікті органына жіберіледі.

Бұл азаматтарға ерекше жағдайда рұқсаттама кәсіпорын, мекеме немесе ұйым орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін.

Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 438 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

28. Шекаралық аймақ шегінде, ал ол белгіленбеген жерлерде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына жанасып жатқан аудандардың, қалалардың, поселкелердің, селолардың, ауылдардың аумағы немесе шекара әскерлері күзететін теңіз жағалауы шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінде, ішкі суларында, шекаралық өзендер мен басқа суаттардың суының қазақстан бөлігінде мыналар жүзеге асырылады:

а) әуе кемелерінің барлық түрінің ұшуы және аэрофотосуретке түсіру, геодезиялық және топографиялық жұмыстар - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің рұқсаты бойынша шекаралық белдеуде және мемлекеттік шекара мен шекара әскерлерінің инженерлік бөгеттері желісінің арасындағы жердің белдеуінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің рұқсаты және Шекара әскерлерімен келісім бойынша;

ә) Геологиялық, гидротехникалық, жол жұмысы және басқа іздеулер, сондай-ақ шекаралық өзендердің, көлдердің және басқа суаттардың су режиміне өзгертумен байланысты гидротехникалық, мелиоративтік және басқа жұмыстар, жерлерді кинофотосуретке түсіру, соның ішінде шекаралық белдеу шегінде - Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің рұқсаты бойынша.

30. Шекаралық аймаққа баратын Қазақстан Республикасы азаматтары тұратын жері бойынша ПД есебі бойынша тексеріледі.

Шекаралық аймаққа өз бетімен баратын, сондай-ақ ата-аналарымен немесе алып баратын бірге 16 жасқа толмаған балалар жедел есептер бойынша т е к с е р і л м е й д і .

Ескерту: 30-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 438 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

31. Шекаралық аймаққа келуге рұқсаттамалар мен рұқсаттар беру немесе беруден бас тарту, сондай-ақ рұқсаттаманың күшінде болу мерзімін ұзарту туралы шешімді тексеру материалдары негізінде ПД паспорт және виза жұмыстары бөлімдерінің бастықтары, ішкі істер органдарының бастықтары немесе олардың орынбасарлары қабылдайды.

Азаматтарға рұқсаттама беруден бас тарту туралы шешім оларға хабарланады .

Ескерту: 31-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 438 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

32. Рұқсаттама алуға азаматтар ішкі істер органына жеке өзі келеді. Оларға рұқсаттама шекаралық аймаққа кіруге берілген рұқсаттамалар мен рұқсаттарға есеп жүргізу кітабына қол қойдыра отырып жеке басын куәландыратын құжаттарын тексергеннен кейін беріледі. (N 3 қосымша)

Рұқсаттамаларды беру кезінде паспорт аппараттары қызметкерлері алушыларды рұқсаттаманың екінші жағында баяндалған ережелермен таныстыруға және онда қолдарын қоюды ұсынуға міндетті.

Шекаралық аймаққа тұруға кететін азаматтар рұқсаттаманы алғаннан кейін ғана әскери есептен шығады.

33. Рұқсаттамалар көк, қара, күлгін сиялармен (пастамен) немесе жазатын машиналармен толтырылады. ІД, ҚАІБ(Б) көші-қон полициясы бөлімшелерінің б а с т ы қ т а р ы қ о л қ о я д ы .

Қол қойылған рұқсаттамаларға паспорттарды желімдеу үшін көзделген е л т а ң б а л ы м ө р с о ғ ы л а д ы .

Ескерту: 33-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 438 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

34. Рұқсаттамалар ұқыпты, анық, жазуларын қысқартпай, түзетулерсіз толтырылуы керек, б ұ л р е т т е :

а) "Келуге және тұруға" жолында "уақытша тұру" немесе "тұрақты тұру" деп көрсетіледі; ал осы нұсқаудың 21 тармағымен көрсетілген жағдайларды " мезгіл-мезгілімен қызмет бабында" немесе "мерзім-мерзіммен жеке ісі бойынша" ;

ә) "онымен бірге 16 жасқа толмаған балалары" жолында, егер олар ата-анасымен бірге бармаса "жоқ" деп көрсетіледі.

б) Құжатын көрсеткенде ғана жолында жеке басын куәландыратын құжаттары (паспорты, жеке куәлігі, туу туралы куәлігі, әскери билеті) көрсетіледі ;

в) рұқсаттаманың күші жүретін мерзімі жолында шекаралық аймақта уақытша болуы үшін қажетті мерзім, ал тұрақты тұруға шыққан жағдайда тұратын жеріне бару үшін, қажетті мерзім көрсетіледі.

35. Шекаралық аймаққа тұрақты тұруға немесе уақытша тұруға баратын барлық адамдар тиісті мекенге келген бойда тіркелу үшін өз құжаттарын тапсыруға міндетті.

36. Шекаралық аймақта азаматтарды тіркеу кезінде олардың рұқсаттамасын ішкі істер органдары алып тіркеу үшін негіз болған басқа құжаттармен сақтайды.

Шекаралық аймаққа уақытша тұруға немесе бірнеше дүркін шығуына байланысты азаматтарға берілген рұқсаттамалар күшінде болу мерзімі аяқталар бойда оларды берген жердегі ішкі істер органына қайтарылады.

Шекаралық аймақта уақытша тұратын азаматтарды тіркеу жерінде тіркеу карточкасында, немесе үй кітабында немесе тіркеу журналында рұқсаттама т у р а л ы д е р е к т е р ;

сериясы, нөмірі, кімнің, қашан және қандай мерзімге бергені көрсетіледі. Рұқсаттамалардың екінші жағына тіркеу туралы белгілер соғылады және рұқсаттамалар иелеріне қайтарылып беріледі.

37. Егер, шекаралық аймақта уақытша тұруға келген азаматтар тіркеу туралы өтініш жасаса онда бұл мәселе жалпы бірдей белгіленген тәртіпте шешіледі.

38. Шекаралық аймаққа уақытша келген азаматтар рұқсаттамаларды немесе іс-сапар куәліктерінде, жолдамаларда, курсовкаларда көрсетілген елді мекендер мен аудандар шегінде ғана тұруға құқылы.

IV. Шекаралық режим ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

39. Шекаралық аймаққа немесе алқапқа келу, онда тұру немесе тіркелу ережелерін бұзғаны үшін кінәлі азаматтар Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

40. Шекаралық аймақта орналасқан, меншік нысанына қарамастан мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың (колхозшыларды қоса алғанда) басшыларына шекаралық аймаққа келуге және онда тұруға рұқсаты жоқ адамдарды қабылдауға тиым салынады.

41. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасы аумағында тұрудың, тіркелудің және жүріп-тұрудың белгіленген ережелерін бұзғаны үшін, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Шетелдік, дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің басшылары мен қызметкерлерінің сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Заңдарына және Халықаралық Шарттарға сәйкес артықшылықтармен имунитеттер белгіленген басқа адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе дипломатиялық жолымен шешіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І І М п а с п о р т ж ә н е в и з а
жұмыстары басқармасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р л і г і

(облысы)

(ішкі істер органының атауы)

19__жылғы _____

N

M.O.

№ 1 қосымша

Рұқсаттама

Азамат _____

(тегі, есімі, әкесінің есімі және туған жылы)

(қаланың, мекеннің және оның қай облыстың құрамына - келуге және тұруға рұқсат етіледі

_____ кіретіні дәл көрсетіледі)

Сапарының мақсаты _____

Онымен бірге 16 жасқа толмаған балалары _____

(әр баланың есімі мен жасы көрсетіледі)

құжатын көрсеткенде ғана

(құжаттың сериясы; № 1,

_____ қашан, кімнің бергені көрсетіледі)

Рұқсаттаманың күші жүретін мерзімі _____

Бастығы _____

Ереже

1. Рұқсаттама онда көрсетілген елді мекенге келуге құқық береді.
2. Рұқсаттамада көрсетілген жерге келген адам келген сәтінен бастап бір тәулік мерзімнің ішінде рұқсаттамасы мен құжатын ішкі істер органында тіркеуі үшін тіркелім жасауға жауапты адамға (үй басқарушысына, жатақхана комендантына, мейманхана, санаторий, демалыс үйі әкімшілігіне немесе бұған арнайы өкілдік берілген адамға) тапсыруға міндетті.
3. Рұқсаттамасын жоғалтып алған жағдайда бұл туралы оның иесі өзі жүрген жердегі ең таяу ішкі істер органына дереу хабарлауға тиіс.
4. Рұқсаттама алып, бірақ қандай бір себептермен онда көрсетілген елді мекенге бара алмай қалған адам рұқсаттамасын ішкі істер органына тапсыруға м і н д е т т і .
5. Шекара аймағына немесе шекара алаңына келу ережесін, сондай-ақ онда тұру немесе тіркелу ережесін бұзған адам заң бойынша жауап береді.

Ережемен таныстым _____

(қолы)

№ 2 қосымша

Арыз

_____ (елді мекен, аудан облыс)
_____ баруға рұқсат қағазын беруді өтінемін
Онда мен _____
_____ (бару мақсаты)
мерзімге _____

Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

аты _____

Тегі _____

Әкесінің аты _____ туған жылы және жері _____

Жұмыс орны _____
(қайда және кім болып істейді)

Тұрғылықты жері _____

Өзіммен бірге балаларым барады: _____
(аты және жасы)

Паспорт сериясы _____ N _____ "___" _____ 199_ж

(паспортты берген милиция органының атау)

Қолы _____

(уақыты айы және жылы)

N 3 қосымша

РҚАО-ның ескертуі: Қосымшаның мемлекеттік тілдегі аудармасы болмағандықтан мәтінді орысшадан қараңыз .